

Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің өкілетті органы, шаруашылық жүргізу құқындағы Солтүстік Қазақстан астық комитеті мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің 1998 жылғы 25 мамырдағы N 125 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет басқармасында 1998.07.15. N 30 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің 2007 жылғы 27 желтоқсандағы N 38 Шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің 2007.12.27 N 38 Шешімімен

Астық өндірушілерді мемлекеттік қолдауды одан әрі күшейту, астық сатуды тиімді басқару және облыстың элеваторлары мен астық қабылдау пункттерінің әкімшіліктеріне оларды сақтау мен өңдеулеріне іс жүзінде көмектер көрсету, Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 19 маусымдағы Заң күші бар "Мемлекеттік кәсіпорындар туралы" Жарлығының 18-бабының 4-тармағын басшылыққа ала отырып және шаруашылық жүргізудің арнайы тәртібін белгілеу мақсаттарында облыс әкімі шешім шығарды:

1. Шаруашылық жүргізу құқындағы "Солтүстік Қазақстан астық комитеті" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны құрылсын.
2. Шаруашылық жүргізу құқындағы "Солтүстік Қазақстан астық комитеті" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның Жарғысы бекітілсін (қоса беріледі).
3. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасау облыс әкімінің бірінші орынбасары Қ.Қ. Қалиевқа жүктелсін.

Облыс әкімі

" Б Е К І Т Е М І Н "

Солтүстік Қазақстан облысының әкімі

-----Д. Ахметов

1998 ж.-----

/ 1998 жыл 25 мамырдағы

N 125 шешімге қосымша/

**Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің уәкілетті органы,
шаруашылық жүргізу құқындағы Солтүстік Қазақстан**

астық комитеті мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның ЖАРҒЫСЫ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің уәкілетті органы, шаруашылық жүргізу құқындағы Солтүстік Қазақстан астық комитеті мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны" ілгеріде "Комитет" мемлекеттік бағдарламаның орындалуын есепке ала отырып, агроөнеркәсіп кешені салаларының дамуын түзету жөніндегі функцияларды жүзеге асыру үшін құрылды.

1.2. Комитет өзінің оңашаланған мүлкі бар және сол мүлікпен өзінің міндеттемелері бойынша жауап беретін заңды тұлға болып табылады, өзінің атынан мүлктік және мүлікті емес құқықтар мен міндеттер алады және оны жүзеге асырады, соттарда ізденуші /талапкер/ және жауапкер бола алады, меншікті балансы, өзінің атауы мемлекеттік тілде бейнеленген мөрі, мөртабаны болады, Қазақстан Республикасының банктерінде есеп-шот аша алады.

1.3. Комитет өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, ҚР Азаматтық кодексін, ҚР Заңдарын, ҚР Президентінің Жарлықтарын, Заң күші бар Жарлықтарын, Қаулыларын және нормативтік актілерін, облыс әкімінің шешімі мен өкімдерін, сондай-ақ осы Жарғыны басшылыққа алады.

1.4. Комитет ----- 19----- "-----" N-----

----- құрылды.

Комитетінің мекен-жайы: -----

1.5. Комитет астық рыногіне қатысушылардың күштерін біріктіру және қызметтерін үйлестіру, сондай-ақ олардың мүдделерін қорғау үшін құрылды.

1.6. Астық рыногінің қатысушыларына негізгі қызмет түрі ретінде астық және өнімдерін өндіру, оны сатып алу, сақтау, өңдеу, тасымалдау, сату, экспорттау және импорттау жөніндегі операцияларды және басқа қызмет түрлерін жүзеге асыратын, Қазақстан Республикасындағы астық рыногін дамытуға мүмкіндік жасайтын кәсіпорындар, ұйымдар мен шаруа және фермерлік шаруашылықтар ж а т а д ы .

1.7. Солтүстік Қазақстан облысының әкімі, ілгеріде "Құрылтайшы" шаруашылық жүргізу құқында басқаруға берілген "Комитеттің" мүлік иесі болып табылады.

2. Комитеттің мақсаты мен міндеттері

2.1. Комитет мына мақсаттар үшін құрылады:

- астық өндірушілерді қолдау үшін қажетті ұйымдық, экономикалық құқықтық және әлеуметтік жағдайлар туғызу, уәкілдік ету және олардың Қазақстан мен шет елдердің астық рыноктарындағы мүдделерін қорғау;

- элеваторлар мен АҚП-нің әкімшілігіне астықты сақтауға қажетті жағдайлар туғызу, астықты сақтау кезіндегі сапаны басқару жүйесін әзірлеуге көмектер көрсету ;

- барынша мүмкін пайда алуды қамтамасыз ететін баға бойынша астық сатуды ұйымдастыру және оны сату жөніндегі тәуелсіз болып табылады;

- астық рыногін дамыту туралы ақпараттар жинауды, өңдеуді және оны ұйымдастыру ;

- астық саласына инвестиция тартуға көмектер көрсету, астықты сақтау жөніндегі алдыңғы қатарлы технология, ғылым мен техника жетістіктерін ендіру.

2.2. Комитет өзінің қызмет мақсаттарына сәйкес төмендегі негізгі міндеттердің атқарылуын қамтамасыз етеді:

- меншікті астық иелерінің мүддесіне қарай тендерлік негізде жасалған келісім-шарттар негізінде ішкі және сыртқы рыноктарда астық сатуға жәрдем көрсетеді ;

- мемлекеттік ресурстарды және басқа да тұтынушыларды астықпен жабдықтау жөнінде тендерлер ұйымдастырылады;

- басқа да мүдделі ұйымдармен және ведомстволармен бірлесе отырып, облыстың АҚП-де астық қабылдау, өңдеу, сақтау жөнелту және де басқа операциялар, сондай-ақ астықты сертификаттау, элеватор лабораториялау, элеваторда астық сақтау кезіндегі сапаны басқару жүйесін аттестациялау жөніндегі қызметтер көрсету кезінде меншікті астық иелерінің мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету ;

- меншік иелерінің тапсырыстары бойынша, меншік иелерінің қаржысы есебінен қажетті тауарлық-материалдық ресурстар сатып алу;

- маркетингтік зерттеулер жүргізу, рынок конъюнктурасын зерделеу;

- астықты және астық өнімдерін сатудың халықаралық рыногіне шығу.

2.3. Комитеттің қызметін ұйымдастыру үшін қаржы қалыптастыру:

- заңды актілерге сәйкес кіріс енгізетін қызметтерді жүзеге асыру.

3. Комитеттің құқы мен міндеттері

3.1. Комитет мыналарға құқылы:

- астық сатуға және оларды өзара тиімді жағдайларда астық өндірушілермен келісім-шарттар /контрактілер/ жасауға;

- астықты сатудың ішкі және сыртқы рыноктарында мемлекетті ресурстарды немесе басқа тұтынушыларды астықпен жабдықтауға контрактілер жасауға;
- халықаралық астық рыноктарда "Сатушы" рөлін атқаруға;
- облыстық АҚП-дегі астық өнімдерінің сапасына, олардың меншік, шаруашылық жүргізу нысандарына, ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, бұл мақсаттар үшін стандарттау, мемқадағалау, астық инспекциясынан, малдәрігерлік және фитосанитарлық инспекциялардан м а м а н д а р т а р т у ғ а ;

- облыс әкімінің және дауыл шаруашылық департаментінің қарауына облыстың АҚП-гі астық пен астық өнімдерін сақтау және жөнелту жөніндегі процесстерін технологиясын жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу;
- баспа өнімдерін шығаруға;
- шет ел инвестициясы мен жеке меншік капитал тартуға.

3.2. комитет мыналарға міндетті:

- тұрақты ақпарат жинау мен сараптау, тұтынушылар сұранысын, сату рыногін анықтау, тұтынушылармен және делдалдармен мәміле жасау;
- экспорт жөнінде ұсыныстар дайындауға қатысу;
- осы заманғы шет елдік технология сатып алуды ұйымдастыру мәселелерінде сыртқы экономикалық байланыстарды жүзеге асыру;
- облыстың АҚП-нің өндірістік-шаруашылық және экономикалық жағдайларына сараптауларды жүзеге асыру және олардың функциясын көтеру ж ө н і н д е ұ с ы н ы с т а р е н г і з у ;
- облыста маркетингтік және ауылшаруашылық өнімдеріне зерттеулерді жүзеге асыру және ҚР заңды актілерімен рұхсат етілген басқа да әрекеттер.

4. Мүлік және қорлар

4.1. Шаруашылық жүргізу құқы "Комитеттің", меншік иесінің қаржысы есебінен қаржыландырылатын және меншік иесінен мүлік алған және өзінің қызмет мақсатына, мүліктің тағайындалуына сәйкес заңды актілермен белгіленген шеңберде жүзеге асыратын және мүлік құқына, ол мүлікке билік жүргізудің заттық құқы болып табылады.

4.2. "Комитеттің" мүлкін құны дербес баланста көрсетілетін негізгі және а й н а л ы м қ о р л а р ы құрайды.

4.3. "Комитеттің" мүлкі мыналар есебінен қалыптастырылады:
- оған меншік иелері берген мүліктен;
- қолданып жүрген заңдарға сәйкес кіріс енгізетін қызметтерді жүзеге асырудан алынған кірістерден;
- заңдармен тыйым салынбаған басқа көздерден.

4.4. Кәсіпорынның жарғылық капиталының көлемі оның Құрылтайшысымен қалыптастырылады, алайда кәсіпорынға берілетін мүліктің жалпы құнынан аспайды және тіркелетін күні белгіленген 10000 есептік көрсеткіштен кем болмайды.

Құрылтайшы Жарғылық капиталын 6400000 теңгеден /алты миллион төрт жүз мың теңге/ қалыптастырады.

4.5. Кәсіпорын бұл мақсатқа өз билігінде қалатын пайданың кемінде 5 пайызын бағыттай отырып, резервтік қор белгіленген көлемге жеткенше, жарғылық қорының 10 пайызы көлемінде резервтік қор қалыптастыруға міндетті. Резервтік қордың қаржысы тек залалдарды /шығындарды/, бюджет алдындағы міндеттемелерді орындау, кредиттерді өтеу және кәсіпорынның басқа қаржысы жетпеген жағдайда олар бойынша пайыздық өсімді төлеуге ғана пайдаланады.

4.6. Егер, жекелеген кәсіпкерлік қызмет түрлері туралы заңды актілермен жарғылық және резервтік қорлардың көлемі мен қалыптастырудың басқа тәртіптері белгіленген болса, онда кәсіпорын осы актілермен көлемде қалыптастырады.

4.7. "Комитет", "Құрылтайшының" келісімісіз банк кредиттерін пайдалануға х а қ ы л ы е м е с .

4.8. "Комитеттің" шаруашылық қарауына жататын мүліктің меншікті иесі заңды актілерге сәйкес оның қызметінің мазмұны мен мақсатын анықтау мәселелерін шешеді, "Комитеттің" заңды тағдырын айқындау құқын иеленеді.

4.9. Құрылтайшы "Комитетінің" оларға берілген мүлікті тиімді пайдалануға және сақтығына бақылауды жүзеге асырады.

4.10. "Комитет" оларға смета бойынша бөлінген қаржы есебінен сатып алынған, оларға бекітілген мүлікті аластатуға немесе басқаша билік жүргізуге х а қ ы л ы е м е с .

4.11. "Комитет" Құрылтайшының келісімімен филиалдар мен өкілдіктер а ш у ғ а х а қ ы л ы .

4.12. Жалақы төлеу қоры, лауазымдық айлықақының тарифтік сеткасын Құрылтайшы белгілейді.

5. Басқару және бақылау органдары

5.1. Комитетке Құрылтайшымен тағайындалатын және босатылатын төраға басшылық етеді. Төраға "Комитетке" ағымдағы басшылық жасайды, кадрларды таңдайды, орналастырады және еңбек ұжымдарымен дербес келісім-шарт жасайды, шаруашылық қызметтерін жүзеге асыруға сенімхат береді, комитет құрылымы жұмысының ағымдағы тәртібін және қолданылып жүрген заңдарға сәйкес қызметкерлердің барлық санаттарына лауазымдық нұсқаулықтарды

б е к і т е д і .

5.2. "Комитет" төрағасы барлық мемлекеттік және жеке кәсіпорын, мекемелермен үйлестіру қызметін атқарады, қолданылып жүрген заңдарға көзделген тәртіпке және шеңберде басқа да қызметтерді жүзеге асырады.

5.3. "Комитет" төрағасы облыс әкімі алдында астықты сату, астықпен жабдықтау жөнінде тендерлерді ұйымдастыру, элеваторлар АҚП-не астықты сақтау жөніндегі жағдайлар туғызуға көмек көрсету және маркетингтік зерттеулер жүргізу жөніндегі Заңдар мен заң негізіндегі актілердің орындалуы үшін облыс әкімі алдында дербес жауапкершілік ұстайды.

6. Заңды тұлғалар мен құрылтайшылар, әкімшілік пен еңбек ұжымдары араларындағы қарым-қатынас

6.1. "Комитет" құрылтайшымен бірегей құрылым құрайды, өзінің қызметін оған құрылтайшы жүктеген өкілеттік шеңберінде ұйымдастырады.

6.2. "Комитет" қолданылып жүрген заңдарға сәйкес контрактілік келісім-шарт жасауға хақылы, сондай-ақ келісім-шарт негізінде олармен қарым-қатынастары еңбек туралы заңдылықтағы сәйкес реттелетін қызметкерлер тартуға хақылы.

6.3. "Комитеттің" жұмыс режимін төраға еңбек туралы заңдарға сәйкес белгілейді.

7. Жауапкершілік

7.1. "Комитеттің" шаруашылық қарауындағы мүлікті өндіріп алу үшін заңның 30 бабына сәйкес жалпы тәртіпте шағымданады.

7.2. "Комитет" өзінің міндеттемелері бойынша өзінің билігіндегі мүлкімен жауап береді. "Комитет" мүлкі жетіспеген мүлік иесі ұстайды.

7.3. "Комитетке" меншік құқы басқа тұлғаға ауысқан жағдайда, "Комитет" оған тиесілі мүлікке шаруашылық жүргізу құқын сақтап қалады.

7.4. Кәсіпорын меншік иесінің міндеттемесі бойынша оның мүлкі үшін жауап б е р м е й д і .

7.5. Мемлекет Құрылтайшының /өкілетті органның/ әрекеттерінен туындаған банкроттық жағдайлардан басқа жағдайда, кәсіпорынның міндеттемелері б о й ы н ш а ж а у а п б е р м е й д і .

Мұндай жағдайда, мемлекеттік соңғының кредит берушілердің талаптарын қанағаттандыру үшін қаржысы жетпеген жағдайда кәсіпорынның міндеттемелері бойынша жауап береді. Заңды актілермен кәсіпорынның міндеттемелері бойынша жауап беретін басқа да жағдайлар белгіленуі мүмкін.

8. Комитетті қайта ұйымдастыру және қызметін тоқтату

8.1. "Комитетті" қайта ұйымдастыру /бірігу, қосылу, бөліну, бөлініп шығу, қайта құрылу/ Құрылтайшының немесе оның өкілетті органының шешімдері, болмаса заңды актілерде қарастырылған жағдайларда соттың шешімі бойынша ж а с а л а д ы .

8.2. "Комитетті" тарату үшін мүліктің меншікті иесінің шешімі болмаса, банкроттық жағдайда соттың шешімі, тіркеу заңды болып табылмаған, жүйелі түрде жарғылық мақсаттарға қайшы келетін қызметтерді жүзеге асыру, талапқа сай емес лицензия бойынша қызметін жасау, болмаса өз қызметін жасау, болмаса өз қызметін заңдарды өрескел бұза отырып жүргізу жағдайлары негіз болып т а б ы л а д ы .

8.3. Қайта ұйымдастыру болмаса, таратуды жүзеге асыру азаматтық заңдармен реттеледі.

9. Осы Жарғының күшіне енуі

9.1. Осы Жарғы Құрылтайшымен бекітілуі тиіс және ол әділет органдарында Мемлекеттік тіркеуден өткен сәттен бастап күшіне енеді.

9.2. Құрылтайшының немесе оның құзыретті уәкілінің шешімімен, Жарғыға мемлекеттік тіркеуден өткен сәттен ғана заңды күшіне енетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

*С о л т ү с т і к Қ а з а қ с т а н
а с т ы қ к о м и т е т і н і ң*

тәрағасы